



F00072 12.11.2020

БАУЫРМАЛДЫҚ

ҒАНИ АЯЖАН ДУЛАТҚЫЗЫ

*Атырау қаласындағы Үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған
№30 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Сабақ жоспары

Бөлім атауы	Адамгершілік - асыл қасиет
Сабақтың тақырыбы	«Бауырмалдық» әңгімесі
Оқу бағдарламасына сілтеме	А/И1. Әдеби шығарманың композициясы; Б/С3. Әдеби эссе.
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.А/И1.Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен карама-қарсы суреттеулерді табу; 5.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.
Сабақтың мақсаттары	- Әдеби шығармадан үзінді жатқа айту; - Кубизм стратегиясы бойынша сұрақтарға толық жауап беру; - Рөлге ену; - Шағын эссе жазу.
Бағалау критерийлері	<i>Оқушылардың көпшілігі:</i> - Үзінді жатқа айта алады; - Білу, түсіну бойынша толық жауап береді; - Мақалдың астарлы ойын табады; - Өзіндік пікір білдіре алады; - Нақты дәлел келтіре алады. <i>Оқушылардың кейбіреуі:</i> - Эссенің құрылымын сақтайды; - Рөлдік ойынға белсенді қатысады.
Құндылықтарды дарыту	 Құрметтеу: оқушылардың топтық және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, бір-біріне құрметпен қарауға шақыру;  Тәрбие: Отбасы мүшелерін құрметтеу, бауырдың орнын білу, отбасы қадірін түсіну, бауырмалдылық қасиетін дәріптеу.

Пәнаралық байланыс	Тарих, қазақ тілі
АКТ қолдану дағдылары	Осы сабақ барысында оқушылар интербелсенді тақтадан бейне материал тамашалайды, слайд арқылы тақырыпқа қатысты көрнекі құралдарды пайдаланады.

Жоспар

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Үй тапсырмасын тексеру. Қалидың портретін жатқа сұрау. Интербелсенді тақтада дұрыс нұсқасы көрсетіледі, бірақ сабақ айтып тұрған оқушы тақтаға қарамауы тиіс. Қалған оқушылар дұрыс нұсқасымен тексеріп отырады. Қызығушылық ояту мақсатында автордың берген сипаттамасы негізінде Қалидың портретін А4 парағына салдырту.</p> <p>«Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала... Төрелелді тұяғының сынығы. Қол созып, мына баланың қай жерін ұстаңыз, әкесі Сымбаттың өзімен бірге жер астына ала кеткен нышан белгілері. Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қақшып қоймайтын Төрелелдиевтер тұқымы... Кешегі қанды соғыста Сымбаттан өзгесі баудай түсіп, Манап пен мына қара құлақ Қали баладан басқа тігерге тұяқ қалмаған Төрелелдиевтер үйірінің кенже құлыншағы.»</p> <p>Сабақтың тақырыбы, мақсаттары, ЖК таныстырылады.</p>	<p>Слайд № 1</p> <p>Слайд № 2,3</p>

<p>Сабақтың ортасы 10 минут</p>	<p>1-тапсырма. Кубизм стратегиясы Білу: Автордың «Бауыр» әңгімесін жазуға себеп болған жағдайлар. Әңгіменің «Бауыр» деп аталуы нені меңзейді?</p> <p>Түсіну: Жазушы Төрекелдиевтер тұқымын қалай сипаттады?</p> <p>Қолдану: Әңгіменің өздеріңе ұнаған жерінен қойылым әзірлеңіздер.</p> <p>Талдау: Автор «Жетім қозы – тас бауыр», - деп нені айтқысы келіп отыр?</p> <p>Жинақтау: «Ортада қаламсап» стратегиясы бойынша «Шын жүректен шыққан сөз» айдарымен әңгімедегі түйінді ойды жинақтап, «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы пікір білдіру.</p> <p>1.Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады.</p> <p>2.Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.</p> <p>3.Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.</p> <p>4.Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады.</p> <p>Бағалау: Осы әңгімені оқи отырып сен өзіңе қандай тәрбие алдың?</p>	<p>Слайд № 4</p>
<p>7 минут</p>	<p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none">- Білу, түсіну бойынша толық жауап береді;- Рөлдік ойынға белсенді қатысады;- Мақалдың астарлы ойын табады;- Өзіндік пікір білдіре алады. <p>2-тапсырма. «Ойлаудың алты қалпағы» стратегиясы бойынша талдау Ақ қалпақ -Тақырып туралы түсінік беру. Сары қалпақ - Қалидың іс-әрекеттерін қолдау. Қызыл қалпақ –Манаптың іс- әрекетін, өз</p>	<p>Слайд № 5</p>

<p>10 минут</p>	<p>эмоциясын жеткізу. Қара қалпақ – Қалидың іс-әрекетінің жағымсыз жақтарын айту. Жасыл қалпақ – Жетімдер үйін жауып тастау жолдарын ұсыну. Көк қалпақ - шолу. Шығарманы өмірмен байланыстырып қорытынды жасау.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау</p> <p>Жетістік критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тақырып туралы толық түсінік береді; - Кейіпкерлердің іс-әрекетіне талдау жасайды; - Креативті ой ұсынады; - Өмірмен байланыстырып, қорытынды жасайды. <p>3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Қалидың мінез-құлқындағы өзгерістердің себебі неде?» деген тақырыпта шағын эссе жазу.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Эссенің құрылымын сақтайды; - Нақты дәлел келтіре алады; - Түйінді ой айтады. 	<p>Слайд № 6</p>
<p>Сабақтың соңы 3 минут</p>	<p>Кері байланыс: «3 Қ» стратегиясы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бүгінгі сабақта не <u>қызық</u> болды? 2. Бүгінгі сабақта не <u>қиындық</u> келтірді? 3. Бүгінгі сабақта не <u>қажет</u> болды? 	<p>Слайд № 7</p>

Қосымша ақпарат

<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
---	---	--

<p>Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>	

F00067 12.11.2020

ҮШ ТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ

МАЖИБАЕВА ЗАМИРА БЕКЖАНОВНА

Теміртау қаласы. Ғабиден Мұстафин атындағы № 5 қазақ орта мектебі ІІ-санатты ағылшын тілі пәні мұғалімі

Білекке сенген заманда,
Ешкімге есе бермедік.
Білімге сенген заманда,
Қапы қалып жүрмелік Абылай хан

Үштілділік туралы ойтолғау жазарда көп ойландым. Неден бастау керек? Осы көптілділіктің бізге керегі бар ма, жоқ па деген сауалдар мазалай берді. Ғаламтор, газет-журналдардан мәлімет іздегенімде, қайшы пікірлер, маңдытып ештеңе таппадым.

Олай болса, ата-бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсек...

Әлемде екінші ұстаз, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілі білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу-заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты жолдауында : «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлттаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». **Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»- деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.** Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ Қазақ баласы әуелі отбасында Қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, Қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай

ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Қазақ халқы табиғатынан еліктегіш, қабылдағыш халық. Кеңес заманында орыс тілі-заманның кілті болды. Бұл-заман талабы еді. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу – ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады.

Намысын найзаға шаншып, күре тамыры Көк бөриден нәр алған, көк Тәңірге табынған Күлтегіннің ұрпағына бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру қиындық тудыра қоймас. Иә, көп тіл білу – әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты ету тексіздің ісі. Ана тілін жақсы біліп тұрып, өзге тілде жетік сөйлесе – бұл сүйініш, мақтаныш; ал ана тілін білмей тұрып, өзге тілде сөйлесе – бұл күйініш, өкініш. Ал біздің мақсат – ағылшын идеологиясын сіңіріп, ағылшын болып өмір сүру емес, ағылшынның тілін ғана үйрену емес пе? Балаларымызды әлемге қанат жайған ағылшын тілімен қаруландыру ғана емес пе? Кейбір адамдар ағылшын тіліне қарсылық білдіріп жатады. Ал ағылшын әлем мойындаған жаһандану тілі. Бұл-бұзылмас заңдылық. Меніңше, ол сыңаржақ пікір. Елбасының сындарлы саясатының астары өте тереңде. Біз әлемдік аренаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген мәңгілік Елге айналуымыз керек. Бұл жолда біз ұтпасақ, ұтылмаймыз. Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін керек екенін ұмытпайық. Сондықтан «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп, ақын Қадыр Мырза-Әли ағамыз айтқандай, әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялап үйренейік те, өзге тілдің бәрін білуге барынша құлшыныс жасайық. Өз тіліміз өзегіміз, халықтық қасиетімізді айғақтайтын алтын тұғырымыз болсын. Әр ұлттың өз тілі өзге тілге жеткізетін көпір есепті. Мен қазақ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғандықтан, ең бастысы өз оқушыларымыздың көкірек сарайын кәусар әдебиетімізбен сусындатып, Мағжанның жауһар жырларына, Абайдың дана ойларына, Сәкеннің сырлы лирикасына ғашық етіп, жасампаз рухтың өлмегендігін паш еткім келеді. Ең бастысы, жүрегі «Отаным, Қазағым, Тілім» деп соғатын ұлттық сана-сезімі жоғары, ұлтжанды оқушылар тәрбиелеу.

F00064 11.11.2020

МАМАНДЫҒЫМ-БАСТАУЫШ МҰҒАЛІМ

НУРБАЕВА ЖАМИЛА ТУЛЕГЕНОВНА

*Теміртау қаласы. Ғабиден Мұстафин атындағы
№5 қазақ орта мектебі. Бастауыш сынып мұғалімі*

Алла тағала адам баласына басқа тіршілік иелерінен өзгеше сыйды, ой мен сананы, тілді берді. Жарық дүниеге шыр етіп келген әр бір адам баласы анасының мейірімінен нәр алып ұлғаяды. Анасы бала үшін бәрінен де қымбатты, аяулы. Ананың аялы алақанында алаңсыз жүрген сәби балабақша табалдырығынан аттаған күні өзін қорғаусыз жалғыз қалғандай сезініп, анасына жеткісі келіп асығады. Күндер өткен сайын айналасында анасы сияқты мейірімді жандардың бар екендігіне иланып, көңілі шаттанады. Періштедей пәк баланың өмірінде ананың орнын ешкім де баса алмайтындығы сөзсіз. Бірақ анасымен қатар өмірдің бұрылысы мен қақтығысында қапыда қалмау үшін оған әрдайым қол ұшын созып, тура жолға бағыттауды көздеген, жақсылық нұрын таратуға үлесін қосуға атсалысып жүрген кереметтей мамандық иелері бар. Осындай қымбатты мамандық иесі ол - мұғалім. Өлі күнге дейін жан дүнием сонау балалық шағымның балғын кездеріне әр күні саяхат жасап келетін секілді.

Өйткені мен өзімнің бар жан - тәніммен қалап таңдаған бастауыш сынып мұғалімімін. Оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуы қарқынды жүретін маңызды буын - бастауыш саты. Кейбірі балабақшадан, кейбірі дайындық сатысынан, ал кейбірі әже мен атаның құшағынан, кейбірі ата - анасының жалғыз еркесі болып мектептің бастауыш сатысының алғашқы баспалдағы бірінші сыныпқа келеді. Алғашқы рет қолына әліппе кітабын ұстап, қызығу мен таңдану аралас сәби саусақтарымен парақтап ашады, қолына қаламын алып ақ қағаздың бетіне әріп жазады. Мұғалім не дер екен, бізге не айтар екен деген сұрақты әр баланың жүзінен оқуға болады. Оларға үйрете жүріп өзің де үйренесің, себебі әр баланы таныған сайын, оның жан әлеміне жақындаған сайын бір жаңалық ашқандай боласың. Бізде кейбіреулер бала деген осы ғой, олардың бәрі бірдей деп жатады. Дұрыс бала ойынға, айналасындағы нәрсенің не екендігін білуге ынтық болуымен ұқсайды, бірақ қабылдау мен жан дүниесі ешқашан бірін - бірі қайталамайды, ұқсамайды. Еңбек етіп келе жатқан осы жылдар ішінде оқытып тәрбиелеген оқушыларымның ішінде ұқсастық немесе қайталау көрген емеспін.

Сыныптағы балалардың ішінен біреуі өте жай қабылдайтын, біреулерінің отбасында баланың біліміне қарауға шамасы жоқ ата - аналар кездеседі.

Сол баланың ата - анасымен жиі қарым - қатынас жасау, бағыт - бағдар берумен оқушыны дұрыс білім алуға бағыттайсың. Балалардың дарындылығын, неге икемділігін немесе не нәрсеге қабілетті екендігін анықтауда бастауыш сынып мұғалімдері зор белсенділік танытулары керек. Егер де мұғалім осынау қызығынан қиындығы асып түсетін жұмысын шын жүректен атқара алмаса жанар шоқты жанбай жатып сөндіріп алады, өсетін жұлдызды өшіреді деуге әбден болады.

Қандай әдісті таңдауға, қайтсем жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады деген ойлар тіпті де маза бермейтін. Таңдаған әдісім нәтиже бермеген кездерде іштей өзімді кінәлап, қынжылатынмын. Қолданып жүрген әдістерімді түбегейлі өзгертуге бел будым да жаңа әдіс - тәсілдермен жұмыс жасай бастадым. Алдыма әр тоқсан үшін жетуім тиіс деген мақсат қойдым. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деген сөздеріне ой жүгіртсек, мұғалім мамандығындағы менің парызым алдыма білім алуға келген әр баланың қолынан жетектеп өмір жолының дұрыс бағытына салу, елімізді әлемге танытатын, ата дәстүрді құрметтеген, ең бастысы Отанын сүйетін азаматты тәрбиелеу, осы жолда еңбектену, іздену, мақсатқа жету...

Ал, көздеген мақсатқа жету менің қолымнан келеріне сенемін.

МАЗМҰНЫ

- **ҒАНИ АЯЖАН ДУЛАТҚЫЗЫ**
- **МАЖИБАЕВА ЗАМИРА БЕКЖАНОВНА**
- **НУРБАЕВА ЖАМИЛА ТУЛЕГЕНОВНА**